

Тақырыбы: «Денсаулық- орасан зор байлық»

Мақсаты: Спорт пен денсаулықты ғызбайланыста екенін түсіндіру.

Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Әртүрлі спорттық ойын түрлерін танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

Ә.Бөкейхан атындағы ЖББОМ Тірек мектебінде 15.10 күні 5-8 сыныптар арасында

«Денсаулық- орасан зор байлық» атты облыстық эстафета болып өтті. Онда сыныптар арасында түрлі эстафеталық ойындар мен ұлттық ойындардан және футболдан жарыс ұйымдастырылды. Топ жарғандар мақтау қағаздарымен марапатталды.



9 қыркүйек 1-11 сыныптар арасында Дүниежүзілік денсаулық күніне орай фестиваль өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Өзін-өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге баулу.



«Денсаулық- орасан зор байлық»



23 қыркүйек 5-7 сыныптар арасында «Біз денсаулықты қолдаймыз!» атты флешмоб өткізілді.

Шараның мақсаты балалардың спорттық сайыс арқылы салауатты өмірге деген қызығушылығын арттыру. Әртүрлі жарыстарды ала отырып, балалардың ептілігін, шапшаңдығын, дене тәрбиесі іс-әрекетіне және спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Осыған орай жоспар жасалынып, іс-шаралар өткізілді. Мектебімізде «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында фестиваль өткізілді. Мектеп директоры Қ.Абдрахманов оқушылар мен ұстаздарды салауатты өмір салты мен денсаулықты жақсартуға, өмір бойы жақсы денсаулықпен ұзақ өмір сүріп, отбасы мен қоғамның белсенді мүшесі болатынына көңіл бөлуге шақырды. Оқушылар жаттығулар жасап, флешмоб ұйымдастырып, бірыңғай би биледі. Дене шынықтыру пән мұғалімдері 5-10 сыныптар арасында спорттық (городки, асық ату, лянга, орта доп, секіртпе, дойбы, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, арқан тартыс) ойындар өткізді. Жарыс соңында жеңімпаз оқушылар мадақтамамен марапатталды.

«Салауатты отбасы» тақырыбында ата-аналар арасында спорттық жарыстар, оқушылар арасында «Спорт –денсаулық кепілі» тақырыбында жарыстар өтті



20шы қазан Республика күніне орай асық ату ойынынан 5-8 сыныптар арасында сайыс өтті.

Сайыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттай отырып ұлттық спорттық ойынды дамыту және оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту.

Оқушыларды санау арқылы 3 топқа бөлініп, қаз – қатар сапқа тұрды, асық ату ойынының ойналу техникасы мен асықты ату тактикасы түсіндірілді. Барлық оқушыларды 3 топқа бөліп бір топта 3 оқушы дан болды. Қолдарына сақа беріп, ортаға шеңбер жасап бөліп шеңберге бір асықтан 7 асық ортаға құрылды да, сақаларын иіру арқылы ойын бастауды анықтап бір бірден кезекпен 10-12 м жерден асықты сақасымен көздеп атты. Ойын шарты бойынша сақасы шеңбердегі асықтарға тисе, шеңбердегі асық шеңберден шығарып сол ойыншы асықты ұтуға талпынады. 3ші топ оқушылары көп асық жинап сол топ жеңіске жетіп, арнайы мадақтамалармен марапатталды.



Балалар жылы аясында мектебімізде 25 қараша күні таңғы жаттығу марафоны өтті. Мақсаты: Таңертеңгі жаттығулардың маңыздылығын білу. Таңғы жаттығуға уақыт арнаса, уақыт үнемдейтінін ұғыну. Таңертеңгі жаттығуларды жасауға дағдылану. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Таңғы жаттығуға уақыт бөлсең, бір күн бойы шаршамай, өзіңе күш жинайсың. Сондықтан көбірек еңбектенуге мүмкіндік аласың. Оқушылар бір сапқа тұрып, аяқтың ұшымен орнында жүгіру, адымдап жүру жаттығуларын. Бір қатармен жүріп келіп



21 қараша күні Спорт және салауатты өмір салты фракциясының фестивалі өтті.

Мақсаты: Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салтын насихаттау. Бос уақыттарын жаттығу түрлеріне арнауға үйрету.

Міндеттері:

- Дене тәрбиесіне деген қызығушылықтарын арттыру
- Денсаулықта сақтаудағы, дене тәрбиесінің алатын орынын түсіндіру
- Балалардың дене-тәрбиесіндегі алған білімдерін бекіту



19.12-23.12 аралығында «Жеңісімді **БАЛАЛАР ЖЫЛЫНА** арнаймын!» атты 1-11 сыныптар арасында спорттық сайыстар апталығы өткізілді. Апта соңында үздік 30 ойыншыны анықтап, алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың ой-өрісін. Эмоциялық сезімдерін дамыту. Ойын үстінде балаларды сергіте отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру.

Міндеті: Қызықты ойындар, жаттығулар арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру. Ойын түрлерін қолдана отырып, балалардың жеке қасиеттерін қалыптастыру.

